

Назарларыңызға рахмет. Сабак аяқталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Асмолов А.Г. Деятельность и установка. – М.: Просвещение 1998 – с.42-46
2. Анциферов Л.И., Ездов А.А., Клевицкий В.В. Технологии организации самостоятельной работы учащихся с современными источниками информации. // Физика в школе. - №4. - 2011 – с.12-14
3. Громцева О.И. Сценарии уроков по физике. // Современный урок. - №4. – 2010г. С.23-25.

Омарова Ж.М.¹, Айдарбекова А.А.²

1. *Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі*
2. *Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Физика»*

«ШАҒЫН КОМПЛЕКТІЛІ МЕКТЕПТЕРДЕ ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Қазіргі уақытта, яғни ақпараттық технология заманында, жалпы білім беретін мектептің түріне, типіне, тіпті орналасқан жеріне де қарамастан білім берудің сапасын одан әрі жетілдіру басты, әрі маңызды мәселе болып отыр. Қалалық жердегі бала саны көп және ауылдық жерлердегі бала саны салыстыруға да келмейтін шағын жинақталған жалпы білім беретін мектептердің алдына қойған талап та, мақсат та бір.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында шағын комплектілі мектеп оқушыларының саны аз, біріктілген сынып –комплектісі бар, оқу сабақтарын ұйымдастырудың ерекше формасы бар жалпы білім беретін мектеп деп көрсетілген.

Республикада шағын комплектілі мектептің үш типі бар:

- бірінші –бастауыш шағын комплектілі мектеп;
- екінші –негізгі сатылы шағын комплектілі мектеп;
- үшінші –жоғары сатылы шағын комплектілі мектеп.

Олардың бәріне тән қасиеттер:

- тек біріктірілген сынып комплектінің болуы (бұл бастауыш шағын комплектілі мектепте басым);
- тек біріктірілген сынып комплектінің және бала саны аз жеке сыныптардың болуы;
- тек бала саны аз жеке сыныптардың болуы. [1, б.7]

Әрине, әр істің өз қиындығы, сонымен бірге артықшылығы, жалпы айтқанда кез келген жағдайдың өзіне тән ерекшеліктері бар. Шағын жинақталған мектептер негізінен келешегі бұлыңғыр, қазіргі таңда бала санына ғана байланысты ауыл мектептері екені белгілі. Осыған дейін де, қазір де

ауылдың шағын мектептері оқу-тәрбие үрдісін іске асыруда күрделі мәселелерге, қиыншылықтарға тап болып отырғаны ешкімге де құпия емес. Әсіресе оқу үрдісіне байланысты шешілмеген, ғылыми жүйелендірілмеген мәселелер толып жатыр. Атап айтсақ, оқу бағдарламасын қазіргі заман талаптарына сай іске асыру.

Алдымен шағын жинақталған мектептердің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайын:

- Бала санының аздығына байланысты жастары сәйкес емес екі түрлі сынып біріктіріледі

- Мұғалім 45 минут берілген бір сабақта екі түрлі сыныпқа екі түрлі тақырыпты қамтитын дәріс беруі керек

Оқушы саны аз сыныптарда сабақ берудің жақсы жақтары да баршылық:

1. Оқушы саны аз сыныптағы әрбір оқушы, оның сабақтағы іс-әрекеті мұғалім назарында болады;

2. Әр оқушының дара ерекшеліктері, танымдық қызығушылығы есепке алынады.

3. Жеке тапсырма беруге, тексеруге уақыт жеткілікті

4. Даму деңгейін бақылап отыруға мүмкіндіктер молаяды.

5. Жаңа педагогикалық технологияларды ебін тауып қолдануға болады.

6. Әр оқушымен, қабілетті, үлгерімі төмен оқушымен жеке жұмыстар жүргізу мүмкіндігі.

Шағын комплектілі мектептердегі физиканы оқытудың заманауи әдістерінің маңыздылығын бірі - физикалық эксперимент болып табылады. Сонымен қатар зерттеу объектісі ретінде ғана емес, табиғаттың білім мен біліктілікке, оқушыларға көрсету жолында тәжірибелік эксперименттік әдістерін әзірлеу болып табылады. Жалпы физика пәнін мемлекеттік стандарт бойынша білім беруге қазіргі таңда аса назар аударылуда. Алайда, мектептерде физикалық эксперимент өткізу барысында көптеген қиындықтарға тап боламыз, ең маңызды қиындық ол көптеген мектептерде құралдар жетіспейді немесе мектеп мүлде жабдықталмаған.

Білім беру проблемаларын шешу үшін Я.В.Ковальский өз идеясын дамыта отырып, әр түрлі көзқарастарды ұсынды:

• Физика сабақтарында қол жетімді құралдар мен қарапайым құрылғыларды пайдалану оқушыларға экспериментті үйде қайтадан қайталауға мүмкіндік береді.

• Күрделі физикалық құбылыстар мен процестердің жеңілдетілген модельдерін қолдану.

Қарапайым жабдықтарда жүргізілген эксперименттер қарапайым болғанымен, бірақ оларға негізделетін құбылыстар әлдеқайда күрделі болып табылады. Құрылғыларды құру мен, өз бетінше эксперимент жүргізу арқылы оқушыларда физика пәніне деген қызығушылық арта түседі.

Физикалық эксперимент жүргізу барысында түрлі аспектілерге бөліп қарастыруға болады. (сур. 1)



(Сур.1) Физикалық эксперименттің түрлі аспектілері.

Физикалық оқу экспериментінің оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қиыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, бақылай білу ептілігін дамытуға, политехникалық дағдыларын қалыптастыруға күшті әсер ететіндей тәрбиелік маңызы да зор.

Мектепте физикалық экспериментті тиісті дәрежеде өткізудің ең басты шарты - физика кабинетін жабдықтау және оның жұмысын жоспарлы түрде дұрыс жолға қоя білу. Бұл - физика мұғалімінің ынта-жігеріне және іскерлік қабілетіне бірден-бір байланысты жұмыс.


Демонстрациялық эксперимент немесе тәжірибелер сабақ үстінде көрсетіледі, сондықтан, ол сабақтың бір бөлігі болып есептелінеді және оқытудың басқа тәсілдерімен (әңгімелеу, дәріс, проблемалық баяндау, т.т.) бірігіп қолданылады. Демек, демонстрациялық тәжірибелер көрсетпейінше физика сабақтарын сапалы өткізуге болмайды.

Сабақ үстінде физикалық тәжірибелерді көбінесе мұғалім көрсетеді, кейде оларды оқушылардың өздеріне де жасатуға болады.

Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтижелі, әсерлі әдістерінің бірі. Демонстрациялық тәжірибелер көрсетілгенде физика сабағы қызықты өтеді. [2. б. 157-158]

Қолмен жасалатын қарапайым құралдарды қарастыратын болсақ. Қарапайым эксперименттік құралдар жасау 7 сыныптан бастап ендіріледі. Мысалы: «Қатты денелер, сұйықтар мен газдардағы қысым» тақырыбына байланысты Паскаль шары.

Паскаль заңын оқу барысында оқушылар 2 суретте көрсетілгендей құрал жасайды. Құрал жасау үшін көлемі 2 см^3 болатын 4 медициналық шприц, 1 шприц - 10 см^3 , медициналық капелница, екі қаламның тұтқасы алынады. Бұл эксперименттен газдар мен сұйықтарда қысымның біркелкі таралуын нақты көре аламыз. Оқушылар өз қолдарымен осындай құрал жасай отырып Паскаль заңының дұрыстығына көздері жетеді. Сонымен қатар оқулықта берілген құралдан қатты ерекшеленеді.



Сур.2

Яғни, шағын комплектілі мектептерде мұғалім сабақ барысында оқушыларға білім беру мақсатымен жүргізілетін эксперименттік жұмыс түрлерін әр сабақта қолданылып отырса оқушылардың білім сапасының ойдағыдай деңгейде нәтиже беретініне үлкен үміт артуымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Жүсіпқалиева «Мектепте физика курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі»

Косжанова А.Г.¹, Айтқалиев Е.К.²

1. *Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі*
2. *Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Физика»*

ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

АКТ түсінігі, ақпарат алмасу, жіберу, сақтау, өңдеу, жинаудың әдістері мен тәсілдерін жинақтайтын жалпыланған түсінік. Ақпараттық және коммуникативті технологиялар күннен күнге білім берудің әр түрлі салаларына енгізілуде. Бұның бірнеше себептері бар, қоғамның ақпараттандырылуы, жоғарғы санатты мамандарды дайындау қажеттілігі. Соған қоса, қазіргі заманғы мұғалімдер мектептер мен білім беру мекемелері жаңа компьютерлік технологиялармен, бағдарламалармен жабдықталуда. Бұл технологиялар мен